

6. The Committee on Statistics, Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan (2017) *Statistics of agriculture, forestry, hunting and fisheries*. Available: <http://stat.gov.kz/getImage?id=ESTAT236696> [Accessed: 4 October 2017].

Ерболат Ж., Шалгимбаева К.Б.

НЫНЕСННЕ СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ В МОЛОЧНОЙ ИНДУСТРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Данная статья описывает нынешнее состояние развития в молочной индустрии Республики Казахстан. Данная работа анализирует индикаторы удоя молока на период с января по сентябрь 2017 г.

Ключевые слова: удой молока, молочная индустрия Казахстана, дойные коровы, коэффициент отдачи.

Ерболат Ж., Шалгимбаева К.Б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СҮТ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ БҮГІНГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Бұл мақала Қазақстан Республикасының сүт индустриясындағы дамудың бүгінгі кездегі жағдайын түсіндіреді. Бұл жұмыс сүт сауым көрсеткіштерін 2017 ж. қаңтардан қыркүйекке дейін мерзімі үшін талдайды.

Кілт сөздер: сүт сауымы, Қазақстанның сүт индустриясы, сауын сиыр, қайтарым коэффициенті.

УДК 338.43(574)

Құдайберген С., Рахимжанова Г.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Азық-түлік қауіпсіздігі елдің ұлттық қауіпсіздігінің құрылымдық бөлігі болуы кездейсоқ емес, өйткені ешбір мемлекет ұлттық, сонымен қатар экономикалық қауіпсіздікке, алдымен халықтың сапалы азық-түлікке деген қажеттілігін қамтамасыз етпей жете алмайды. Мақалада Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және АӨК тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, агроөнеркәсіптік кешен, азық-түлік импорты, азық-түлік экспорты, азық-түліктің физикалық қол жетімділігі, азық-түліктің экономикалық қол жетімділігі, азық-түлік нарығы, аграрлық сектор.

Кіріспе

Агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуметтік-экономикалық маңызы зор, өйткені халықты азық-түлік өнімдерімен қанағаттандырумен қатар, елдегі өмір сүру деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Дүниежүзіндегі қазіргі жағдай бір жағынан, әлемнің үшінші елдеріндегі аштықты сипаттаса, екінші жағынан жер шарындағы халықтың 20% - дайы ғана өмір сүретін дамыған мемлекеттердегі тамақ өнімдерінің артығымен өндірілуін көрсетеді.

Халықты отандық азық-түлікпен тамақтанудың физиологиялық нормаларына сай қамтамасыз ете алмайтын дамушы елдер, оны стратегиялық ресурстарға, бағалы металдарға айырбастау импорттауға мәжбүр. Сондықтан, кез келген елдің экономикалық даму тұжырымдамасын жүзеге асырудағы маңызды бағытының бірі, азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етуге кепіл беретін, сондай-ақ азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ететін, ауылшаруашылық өндірісінің көлемін ұлғайтуды қамтитын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол макроэкономикалық жағдайларға, қоғамдық өндірістің тиімділігіне және халықтың табысына, сонымен қатар экономиканың ұлттық аграрлық нарығының дамуына тәуелді.

Жалпы азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз мемлекеттегі бар ресурстармен, әлеуетімен және кепілдермен қамтамасыз етілген, сыртқы және ішкі қауіптерге тәуелсіз, халықтың тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктерін қабылданған стандарттарға және нормаларға сәйкес көлемде, сапалы және түрлі азық-түліктің ассортиментімен қанағаттандыру қабілеті.

XX ғасырдың 70-ші жылдарында мұқият қадағалау объектісіне айналған халықаралық және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі мәселелесі ғылыми зертеушілер келесідей анықтамалар береді. Әр елдердегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне әр алуан көзқарастардың болуына қарамастан, денсаулық пен белсенділікті сақтау үшін жеткілікті тамақтануға немесе азық-түлік ресурстарына қоғамның барлық мүшелерінің тең құқылы болуы оларға ортақ пікір болып табылады. Ең кеңінен тараған азық-түлік қауіпсіздігінің анықтамасы халықтың сапалы азық-түлікке деген қажеттілігін, оның бір қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ететін деңгейде қанағаттандыруды мемлекеттің кепілдендіру қабілеті.

Талдау көрсеткендей, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері елдің экономикалық дамуының төмен болуынан, ауыл шаруашылығы салаларының өнімділік көлемінің төмендеуі, агроөнеркәсіптік кешенді басқаруда экстенсивті факторлардың басымыдылығы, отандық АӨК еңбек өнімділігінің дамыған елдердегі ұқсас көрсеткіштермен салыстырғанда кейін қалуынан көрінетін мемлекеттің ауылшаруашылығы өндірісінің дамымауынан пайда болады. Соның нәтижесінде отандық өнімнің өзіндік құнының жоғары болуынан нарыққа шығарылған өнім бағасы халық үшін қолжетімсіз болады. БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылығы ұйымымен (FAO) «Әлемде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелер» әзірленген.

Азық-түлік мәселелері бойынша 1996 жылы болған жоғары деңгейдегі Дүниежүзілік кездесуде Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Рим декларациясы қабылданды. Осы декларацияда азық-түлік қауіпсіздігі «халыққа және әрбір азаматқа жеке тамақ өнімдеріне, ауыз суға және басқа да азық-түлік өнімдеріне адамның физикалық және әлеуметтік дамуына, халықтың денсаулығын қамтамасыз етуге және ұдайы өнуіне қажетті және жеткілікті сапада, ассортиментте және көлемде қол жеткізуді қамтамасыз етуге кепіл беретін экономиканың жағдайы» ретінде анықталады [1].

Азық-түлік қауіпсіздігіне тамақ өнімдеріне өзін өзі қамтамасыз етумен қатар, жеткіліксіз түрлерін импорттау мүмкіндігімен қол жеткізіледі. Оны төмендегілер сипаттайды:

- азық-түлікпен өзін өзі қамтамасыз ету деңгейі – халықтың азық-түлікке деген қажеттіліктерін ұлттық өндіріс есебінен қанағаттандыру;

- азық-түлік тәуелсіздігі – шет елдерден азық-түлік жеткізу тоқтатылған жағдайда, азық-түлік дағдарысы орын алмайтын жағдай;

- ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығы, ол ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізатты және азық-түлікті өндіру және олардың қорының көлемдерімен, сондай-ақ көрсетілген тауарларға сұраныс пен ұсыныстың динамикасының және баға деңгейімен анықталады;

- азық-түліктің физикалық қол жетімділігі – азық-түліктің елдің барлық аумағында кезкелген уақытта, төлеуге қабілетті сұранысқа сәйкес мөлшерде және ассортиментте бар болуы;

- азық-түліктің экономикалық қол жетімділігі – тұтынушылардың кірісі олардың әлеуметтік мәртебелеріне және мекен-жайларына тәуелсіз, болмағанда тұтынудың минималды деңгейінде, азық-түлік сатып алуға мүмкіндік беретін деңгейде болуы;

- азық-түліктің тұтынушылар үшін қауіпсіздігі – денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін азық-түлік өнімдерін өндірудің, сатудың және тұтынудың алдын алу.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде төмендегі шаралар маңызды:

- ел экономикасының аграрлық азық-түлік секторының тұрақты дамуы мен жұмыс істеуіне бағытталған;

- халықтың нақты кірісінің өсуін қамтамасыз етуге, олардың өмір сүру деңгейлерінің жоғарлауына бағытталған;

- ауылшаруашылығы өнімдерінің, шикізаттың және азық-түліктің сыртқы саудасын, алдымен ішкі азық-түлік нарығын, отандық тауар өндірушілердің экономикалық мүдделерін шетелдік тауарлар экспансиясынан және жосықсыз бәсекелестіктен қорғау мақсатында оларды импорттауды тиімді реттеу.

Аграрлық сектордың және азық-түлік нарығының даму деңгейі әрқашан елдегі экономикалық және саяси-қоғамдық тұрақтылықтың, экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігінің анықтаушы факторы болып табылады. Сондықтан экономиканың аталмыш секторының ширақ дамуы мемлекеттің келешектегі әлеуметтік-экономикалық саясатының басымдысының бірі болуы тиіс. Азық-түлік қауіпсіздігі елдің ұлттық қауіпсіздігінің құрылымдық бөлігі болуы кездейсоқ емес, өйткені ешбір мемлекет ұлттық, сонымен қатар экономикалық қауіпсіздікке, алдымен халықтың сапалы азық-түлікке деген қажеттілігін қамтамасыз етпей жете алмайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін Қазақстан Республикасының дамуының заманауи кезеңіндегі маңызды міндет ретінде алғаш рет 2008 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетті: «Елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс. Ол үшін ауыл шаруашылығына және тамақ өнеркәсібіне инвестициялар тартуды ұлғайту қажет. Қазақстан азық-түліктің негізгі түрлері бойынша өз қажеттілігін қамтамасыз етеді әрі экспорттық әлеуетке ие. Ел мұқтажы қанағаттандырылмай отырған маңызды тамақ өнімдерін өндіруді ынталандыруға ерекше назар аудару талап етіледі»[2].

Аграрлық сектор мен азық-түлік өндіру саласындағы жағдай мемлекеттің үрдісті дамуын қамтамасыз етумен қатар, оның қауіпсіздігінің де кепілі болып табылатындықтан Елбасымыз бұл мәселені жыл сайынғы Жолдауларының бәрінде назардан тыс қалдырған емес.

Қазақстан Республикасының агроөндірістік кешені ел экономикасының ең ірі және күрделі халықшаруашылық құрылымы болып табылады және ол ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, өндеуді және сатуды, сонымен қатар тағам өндірісі, қосалқы өндірістер мен оларды заманауи техникамен, құрал-жабдықтармен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін қызмет аяларын қамтитын салалардың жиынтығы. Оның қызметінің тиімділігіне тұтынушылар

нарығының дамуы, халықтың әл-ауқатының деңгейі, ауыл шаруашылығы аумақтарының сақталуы мен дамуы, жұмыссыздықтың төмендеуі және т.с.с. тәуелді.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығымен қатар тағам өндірісі де маңызды рөл атқарады. Бұл азық-түлік өндірісінің ішкі қажеттіліктерден қалыс қалуы азық-түлік тауарларын импорттаудың өсуіне әкелуімен түсіндіріледі. Мысалы, орта есеппен есептегенде, соңғы 5 жылда дайын сүт өнімдерінің 51%, шұжықтың 46%, еттен жасалынған консервілердің 40%, сары майдың 36,4%, қанттың 42% шет мемлекеттерден импортталады. Егерде қант шығару үшін оған керек шикі затты шет елден сатып алынатын ескерсе онда бұл өнімнің импорты 97,0% құрайды[3].

Бұндай жағдай ел экономикасына аса қауіпті және оның сыртқы нарықтағы күшейе түскен бәсекелестікке айтарлықтай тәуелді етеді. Азық-түлік нарығындағы негізгі бәсекелестер ауыл шаруашылығы өндірісін дотациялауды жалғастырып келе жатқан және төмен бағада экспорттауды жүзеге асыратын ЕО елдері. Бұл елдердегі субсидия көлемі орта есеппен ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің 50%, ал ДСҰ елдер бойынша орта есеппен 14% құрайды.

Осы жағдайлар отандық өнімнің импорттықпен салыстырғанда баға бойынша бәсекеге қабілетсіздігіне алып келеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда тұтынушылар нарығының азық-түлік тауарларымен қанағаттандырылуы отандық өндіріс және импорттық өнімдер есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Ішкі нарық жағдайы сыртқы нарыққа азық-түлік тәуелділігінің шекті деңгейімен сипатталады. Мемлекет тарабынан азық-түлік нарығын бақылау әлі де болса күшейтуді қажет етеді. Азық-түлік себетіндегі тамақ өнімдерінің көптеген түрлері бойынша импорт 40%-дан 60% дейін, ал жекелеген пункттар бойынша 100%-ға дейін барып отыр. Тек нан және нан өнімдері сияқты позициялар бойынша Қазақстан өзін және маңайдағы мемлекеттерді қамтамасыз етеді. Импортталатын көптеген тауарлар, мысалы ет консервілері, макарон өнімдері, маргарин, йогурт, шұжықтар, кондитер өнімдері, өсімдік майлары және т.б. өз елімізде де өндіріле алады. Әрине, ассортиментті кеңейту, қазақстандықтардың толық қанды тамақтану қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ бәсекелестік ортаны сақтау үшін импорттың белгілі бір үлесін сақтау керек.

БҰҰ-ның Халықаралық азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ұсыныстары бойынша импорт үлесі тұтынудың жалпы көлемінің 17% -2 0% аспауы тиіс.

2016 жылдың 1-ші жартысында азық-түлік өнімдері импортының жалпы көлемі 2015 жылдың 1-ші жартысымен салыстырғанда төмендеуіне, сондай-ақ азық-түлік өнімдерін тұтынудағы импорт үлесінің 21,1%-дан 17%-ға дейін төмендеуіне қарамастан, ҚР импортты алмастырудың жоғары әлеуеті сақталып отыр. Себебі бірқатар азық-түлік өнімдері категориялары бойынша импорттың үлесі әліде болса 20% -дан 42% -ға дейін болып тұр. Импортталатын азық-түлік өнімдерінің көбі ТМД елдеріне тиесілі (қанттан басқа). Мысалы, өсімдік майы көш бастап тұр, қарастырылып отырған мерзім аралығында, яғни 2016 жылдың 1-ші жартысында импорт көлемі 83 мың тонна (70 млн. АҚШ долл.), оның 88%-ы Ресейден әкелінді (73,2 мың тонна – 60 млн. АҚШ долл.)[4].

Сонымен қатар ҚР үшін дәстүрлі тауарлардың экспортының өсуінің тұрақты үрдісі байқалады. Мысалы, айтылған уақыт аралығында ұн экспорты 51%-дан 61%-ға жеткен.

Дегенмен азық-түлік өнімдеріндегі импортты алмастыруда еш өзгерістер жоқ деуге болмас, мысалы 2016 жылы «Центральноазиатская сахарная корпорация» ЖШС қант өндірісін екі есеге көбейтуі ҚР жалпы қант өндірісінің өсуімен (75% көбейді) қатар, қантты импорттау қажеттілігінің 2015 жылдың 1-ші жартысындағы 47%-дан 2016 жылдың 1-ші жартысында 20%-ға төмендеуіне әкелді[4]. Осы мысал негізінде ҚР негізгі азық-түлік өнімдерін импорттау көлемінің, отандық өндірістің ұлғаюының пайдасына төмендейтінін байқауға болады. Бірақ, ҚР импортты алмастырудың жоғары әлеуеті

сакталып отыр және ҚР 2015-2019 жж. Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында, болашақта ҚР ішкі өндірістің ары қарай дамуы және азық-түлік өнімдері импортының азаюы күтілуде.

Азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды сипаттамасының бірі экономикалық және физикалық қол жетімділік деңгейі. Азық-түліктің экономикалық қол жетімділігі халықтың азық-түлік тауарларын қалыптасқан баға мен кіріс деңгейінде минималды тұтынушы себетіне салынған мөлшерде сатып алу мүмкіндігі ретінде анықталады. 2017 жылдың шілде айында Қазақстанда ресми деректер бойынша күнкөріс деңгейі жан басына 24 459 *тенге* теңгені көрсетті. Көрсетілген сомадан азық-түлік тауарларына 14 676 *тенге*, азық-түліктік емес тауарлар мен ақылы қызметтерге 9 783 *тенге* қарастырылған. Халықтың кіріс деңгейінің жоғарлауына қарамастан тамақтану құрылымының жақсарғаны туралы *айта* алмаймыз. Азық-түлік шығындарының негізгі үлесі нан өнімдері мен дәнді дақыл өнімдеріне тиесілі. Жалпы азық-түлік үлесі 60%-дай болады. Бұл ретте тұтынушы себетін қалыптастырудың әлемдік стандарттары барын және оған сүйенсек азық-түлік үлесі күн көріс минимумының 40%-нан кем болмауы тиіс екенін айта кету керек.

Күн көріс минимумының көлемі туралы мәліметтер әзірлеушілердің бүгінгі шынайы экономикалық жағдайдан алыс екендерін көрсетеді: инфляция деңгейі, халықтың кірісі, баға және басқа да факторлар. Сондықтан қазақстандықтарға тұтынушы себетін қалыптастырған кезде әлемдік тәжірибеде бар әдістемелерді қолданған жөн.

Азық-түлік өнімдерінің физикалық қол жетімділігі деңгейін бағалау стандарттар негізінде есептелген, тұтынудың қажетті көлеміне нақты тұтыну көлемінің сәйкестігі ретінде анықталады. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің «Қазақ тамақтану академиясымен», Қазақстанның орта статистикалық тұрғынының тамақ энергиясын тұтынуының ұсынылған деңгейіне негізделген, азық-түлікті тұтынудың минималды нормалары әзірленді.

Стандарттарға сәйкестікке жасалған талдау, жалпы Қазақстанда тұтынудың минималды деңгейі, және бірқатар азық-түлік бойынша отандық өндірушілермен қамтамасыз етілгендігін көрсетті.

ҚР ұлттық экономика министрі 2016 жылдың 9 желтоқсанында азық-түлікті тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекітті. Азық-түлік өнімдерін тұтынудың жан басына шаққандағы ұтымды мөлшерлемелері жыл көлемінде қазақстандық 109 кг нан өнімдерін (ұн, дәнді дақылдар, бұршақтар), көкөністер мен бақша-149 кг, жеміс-жидектер – 132 кг, ет және ет өнімдерін-78,4 кг, балық және балық өнімдерін – 14 кг, сүт және сүт өнімдерін – 301 кг, қант және кондитер өнімдерін – 33 кг тұтынатынын қарастырған[5]. Бұл көрсеткіштер алдыңғы жылдарға қарағанда едәуір көбейген.

Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан әлемдік қаржы дағдарысы, әлемдік азық-түлік нарығындағы жағдайға тікелей теріс ықпал ету арқылы, көптеген елдердің азық-түлік қауіпсіздігін төмендетуде. Осы жағдайда азық-түлік өнімдері бағасының өсуі басты әлемдік мәселеге айналып отыр, себебі алдымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауына әкеледі. Дүниежүзлік банктің мәліметтері бойынша азық-түлік өнімдерінің бағасының өсуі әлі біраз жылдарға созылады, ал Goldman Sachs сарапшылары «ағфляция» - аграралық өнімнің күрт қымбаттауын білдіретін жаңа терминді қолданысқа енгізді. Қазақстанның ауыл шаруашылық саласының дамуы, осындай болжамдар кезінде аса өзекті болып отыр. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ары қарай ұлғайту үшін еліміздің әлеуетті мүмкіндіктерін тиімді пайдалану аса маңызды: бұл үлкен аумақ, АӨК дамыту үшін қажетті табиғи және климаттық жағдайдың және егістіктің болуы, көрші елдерде азық-түлік өткізудің көлемі жағынан өте үлкен нарығының болуы.

Қазақстанның АӨК-нің қазіргі кезеңде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын және ішкі азық-түлік нарқының қажеттіктерін қанағаттандыра алатын экономиканың тұрақты дамудағы секторы ретінде сипаттауға болады. Өндірістің жыл сайынға өсу қарқыны 7-8% көрсетеді, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеудің жоғарлауы, экспорт көлемінің ұлғаюы байқалады. Оң нәтижелерге қарамастан, агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділік деңгейі жеткіліксіз. Ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігінің төмен болуын себебі оның шағынтауарлық сипаты, технолологиялық артта қалу, құрал-жабдықтардың тозуы, өндірістік инфрақұрылымның дамымауы, қаржы ресурстарының қол жетімді болмауы, нәтижесінде еңбек өнімділігінің, ауыл шаруашылығы өнімдерінің кірісі мен сапасының төмен болуы. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің 80% шикізат түрінде сатылады. Саланың дамуы негізінен экстенсивті әдістермен жүзеге асып келген, нарықта әліде болса отандық өнімдердің үлесі төмен және оның бәсекелестігі төмен. Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі деңгейі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрақтылық көрсеткіші болады. Соңғы жылдары бұл мәселе аса маңызды болып отыр, өйткені нарықтағы азық-түлік өнімдерінің сапа деңгейі төмендеп барады. Әсіресе импорттық өнімдердің сапа талаптарына сақтау мерзімі және денсаулыққа қауіпсіздік нормаларына сай келмейді. Соған қарамастан халықтың сатып алу қабілеттерінің төмендігінен жоғары сұранысқа ие.

Еңбек өнімділігін, салаларының рентабелдігін арттыру және отандық өнімнің бәсекелестік басымдылығын дамыту негізінде АӨК тұрақты дамуын қамтамасыз етудің мақсатында, зерттеулерге сүйенсек келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- ауыл шаруашылық құрылымдарын ірілнедіру және мамандандыру;
- өнімділікті арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу;
- АӨК модернизациялау;
- кластерлік бастамалар негізінде интеграцияланған өндірістер құру;
- азық-түлік тауарлары нарқын реттеуде жаңа тәсілдерді пайдалану;
- ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету инфрақұрылымдары мен жүйелерді дамыту;
- ДҚҰ аясында АӨК субъектілері мен өнімдерінің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру.

Әдебиеттер

1. Римская декларация о всемирной продовольственной безопасности. 13 ноябрь 1996 год. Рим.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2008 жыл 16 ақпан. Ақорда.
3. Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://mgov.kz/>
4. Статистикалық мәліметтер <http://rfcaratings.kz>
5. Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 декабря 2016 года №503 Об утверждении научно обоснованных физиологических норм потребления продуктов питания.

Кудайберген С., Рахимжанова Г.М.

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Не случайно продовольственная безопасность является составной частью национальной безопасности страны, поскольку ни одно государство не сможет достичь национальной, в том числе и экономической безопасности, не удовлетворив, в первую очередь, потребности населения в качественном продовольствии. В статье рассматриваются вопросы обеспечения продовольственной безопасности в Республике Казахстан и обеспечения устойчивого развития агробизнеса.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, агропромышленный комплекс, импорт продовольствия, экспорт продовольствия, физическая доступность продовольствия, экономическая доступность продовольствия, продовольственный рынок, аграрный сектор.

Kudaibergen S., Rakhimzhanova G.M.

SOME PROBLEMS OF PROVIDING FOOD SECURITY OF KAZAKHSTAN

Annotation

It is not accidental that food security is an integral part of the national security of the country, since no state can achieve national, including economic security, not satisfying, first of all, the population's needs for quality food. The article discusses issues of ensuring food security in the Republic of Kazakhstan and ensuring sustainable development of agribusiness.

Keywords: food security, agro-industrial complex, food imports, export of food, physical accessibility of food, economic accessibility of food, food market, agrarian sector.

УДК. 336.1

Мельников И.Ю.

*Государственная учебно-научное учреждение
«Академия финансового управления», Киев, Украина*

ВЛИЯНИЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ НА МИРОВОЙ ФИНАНСОВЫЙ РЫНОК

Аннотация

Актуальность данной темы обусловлена тем, что в настоящее время мировой финансовый рынок играет ведущую роль в функционировании международной экономической системы.

В статье анализируется текущее состояние мирового финансового рынка и финансовая политика в период глобализации. Определены проблемные аспекты мирового финансового рынка, когда он функционирует в изменяющейся среде, а именно в период глобализации.